

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ



ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБІЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ
2022-2023 оқу жылында атқарылған

ЖҰМЫСТАРЫНЫң ЕСЕБІ

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. Академиялық комитеттің ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді:

А) 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша АК мүшелерінеге Академиялық комитет ережесі (ҮЕ-ХҚТУ-113-2022), Білім беру бағдарламаларын өзірлеу және жаңарту ережесі (ҮЕ-ХҚТУ-030-2021) таныстыру бойынша семинар ұйымдастырылып таныстыру парагына қол қойылды.

Б) Ережеге сүйеніп 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша Академиялық комитеттің жұмыс жоспары жасалынды.

2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізіліп 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша түлектердің моделі өзірленді.

2023-2024 оку жылына білім беру бағдарламаларын жаңарту мақсатында Академиялық комитет мүшелері бір-бірімен тығыз жұмыс жасады жәнебілім беру бағдарламаларының стейкхолдерлері де бұл жұмысқа белсенді қатысты.

Стейкхолдерлерден ментальді карта сұралып, соның негізінде 6B017 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау бағытындағы ББ атрибуты өзірленді. Атап айтқанда: Ататурік атындағы №17 мектеп-гимназиясы түлектердің бойынан көргісі келетін қасиеттер: зерттеу дағдылары, пәндік білім, ұйымдастырушылық-әдістемелік қабілеттер, қарым-қатынас, мәдени құзыреттілік, өмір бойы білім алу мүмкіндігі, ақпараттық дағдылар, шығармашылық, жауапкершілік, көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдылар; Назарбаев зияткерлік мектебі тарапынан ағылшын тілі пәні мұғаліміне қойылатын тараптар: жаңа идеяларға ашық болу, жаһандық азаматтық, заманауи методикаларды игеру, шығармашылық болып көрсетілді. Кері байланыс ретінде, 1 курс магистранттарының заманауи оқытушының дағдылары туралы ұсыныстары да ескерілді. Магистранттардың тарапынан келіп түскен ұсыныстарымынадай: жауапкершілік, ұйымдастырушылық, төзімділік, құзыреттіліктер, біліктілік, психологиялық сауаттылық, прагматизм, общительность, тапқырлық. Сонымен қатар, бакалавриат түлектері тарапынан ұсынылған: технологияны жақсы менгерген, креативті, толерантты, шәкіртжанды, білікті, әділ секілді дағдылары да ескерілді.

Жан-жақты ұсынылған дағдыларды саралай келе, 6B017 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау бағытындағы ББ атрибуттары анықталды:

- әлеуметтік және азаматтық сауаттылық;
- мәдениетаралық коммуникация;
- пәндік білім;
- оку-тәрбие үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау;
- ғылыми-педагогикалық зерттеу;
- инновация және цифрандыру;
- креативті көшбасшылық

Анықталған атрибуттар негізінде 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша түлектердің моделі өзірленді.

6B017 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау бағытындағы ББ түлегінің моделі: әлеуметтік және азаматтық сауаттылыққа ие болуы, мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, пәндік білімі терең, инклузивті білім беру ұстанымдарын ескере отырып, оку-тәрбие үдерісін жоспарлайтын, ұйымдастыратын және бағалайтын, ғылыми-педагогикалық зерттеу дағдыларын игерген, инновацияға ашық, креативті көшбасшы болуы.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАРАША АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша ББ ішкі аудитін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Ішкі аудит төмендегі мәселелерді қамтыды:

- ББ сипаттамалары;
- Қазақстандағы, шет елдегі ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері;
- Соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серікtestтік жұмыстар нәтижелері;

- Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
 - Сауалнамалар (білімгерлердің жұмыс берушілердің, тұлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
 - Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
 - Тұлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері;
 - ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі;
 - ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі
 - ББ инфраструктуралық қамтамасыз етілуі.
- 6B017 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының өзіндік бағалау есебі жасалынып сайтқа салынды.

2. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг үйымдастырылды.

3. 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау жұмыстары жүргізілді.

6B017 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының мақсаты: Элеуметтік және азаматтық сауаттылыққа ие мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, пәндік білімі терең, инклузивті білім беру ұстанымдарын ескере отырып оқу-тәрбие үдерісін жоспарлайтын, үйымдастыратын және бағалайтын, ғылыми-педагогикалық зерттеу дағдыларын игерген, инновацияға ашық, орыс тілі мен әдебиетінің креативті көшбасшы мұғалімдерін дайындау.

Белгіленген мақсатқа сәйкес 6B017 – Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау бағытындағы ББ оқыту нәтижелері анықталды:

1. Элеуметтік және азаматтық сауаттылық.

2. Мәдениетаралық қарым-қатынас:

- білім алушылардың тілдік құзыреттерін дамыта отырып, тиімді мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асырады (ОН1).

3. Пәндік білім:

- оқытылатын пәндер шеңберінде терең пәндік білімді көрсете отырып, талдау, түсіндіру, жалпылау және синтездеу дағдыларын менгерген (ОН2).

4. Оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау, үйымдастыру және бағалау

- орта білім берудің барлық сатыларын оқытуудың ықпалдастыры мен сабактастырын, оқушылардың жеке және жас қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қазіргі заманғы әдістемелер негізінде жалпы білім беретін мекемелер мен орта кәсіптік білім беру үйымдарында оку сабактары мен тәрбие жұмыстарын жоспарлайды, үйымдастырады және бағалайды (ОН3).

5. Ғылыми-педагогикалық зерттеу:

- білім алушылардың пәндік және тілдік құзыреттерін педагогикалық диагностикалауды жүзеге асыра отырып, білім беру саласындағы мониторингтік зерттеулерді дербес жоспарлайды және іске асырады (ОН4);

-кәсіби қызметтің нәтижелерін әзірлейді және ұсынады, өзінің кәсіби қызметі мен әріптестерінің тәжірибесінің рефлексиясын жүзеге асыра отырып, оқушыларды оқыту мен дамытуудың бағдарламаларын, әдістемесін әзірлейді (ОН5).

6. Инновация және цифрландыру:

- кәсіби саласында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың түрлерін (интернет-ресурстарды, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату жөніндегі бұлтты және үтқыр сервистерді) цифрлық ресурсартарды колдануға қабілетті (ОН6);

-педагогикалық инноватиканың теориясы мен практикасы туралы деректерді менгерген және пайдалана алады (ОН7).

7. Креативті көшбасшылық:

-өз уақытын және өз әлеуетін үйымдастырудың тиімділігін талдау және бағалау дағдыларын пайдалана отырып, өз қызметін және кәсіби дамуын жоспарлаудың ең жақсы

құралдарын анықтау және таңдау арқылы өзінің кәсіби қызметін ұйымдастыруға қабілетті (ОН8).

- өзінің эмоционалды интеллектін және қазіргі заманғы көшбасшының негізгі дағдыларын қолдана отырып, креативті шешімдер қабылдай алады (ОН9).

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛГАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды.

2. 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын оқыту стратегиясы анықталып бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылына 6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі	
		ЖК	ТК
1	Әлеуметтік және азаматтық сауаттылық	История Казахстана, Философия, Модуль соц-пол дисциплин, Основы антикоррупционной культуры, Физическая культура, Ясавиведение	
2	Мәдениетаралық қарым-қатынас	Казахский язык, Русский язык, Турецкий язык, Английский язык Принципы Ататюрка, История тюркских государств.	
3	Пәндік білім	Фонетика и лексикология современного русского языка Словообразование и морфология современного русского языка Синтаксис современного русского языка Фольклор и история русской литературы до XIX века Русская литература XIX в. (I пол.) Русская литература XIX в. (II пол.) Русская литература XX в. (I пол.) Русская литература XX в. (II пол.) Практический русский язык Теория русской литературы.	Методы работы с текстом Основы правописания Развитие письменной речи Зарубежная литература I (античная литература) Зарубежная литература II Зарубежная литература III Общее языкознание Стилистика русского языка Выразительное чтение Русская литература XX века и кинематография
4	Оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау	Физиология развития школьников Педагогика Инклюзивное образование Теория и методика воспитательной работы Методика преподавания русского языка I . Методика преподавания русской литературы I Теория и практика полиязычного обучения Методика формирования языковых навыков (аудирование, речь, чтение, письмо)	
5	Ғылыми-педагогикалық зерттеу	Методология и методы педагогических исследований	
6	Инновация және	ИКТ	

	цифрландыру	Методика преподавания русского языка II Методика преподавания русской литературы II
7	Креативті көшбасшылық	Креативное лидерство, Делопроизводство на государственном языке, Основы экономики, предпринимательства и бизнеса, Экология и безопасность жизни, Критическое и системное мышление

2023-2024 оқу жылына 6B01719, 6B01718 – Шетел тілі: екі шетел тілі БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі	
1	Әлеуметтік және азаматтық сауаттылық	Қазақстан тарихы, Философия, Әлеуметтік білім және салауатты өмір салты модулі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Дене шынықтыру, Ясауитану	
2	Мәдениетаралық қарым-қатынас	Қазақ тілі, Орыс тілі, Түрік тілі, Шетел тілі, Ататуркік принципі, Түркі мемлекеттер тариха, Мәдениетаралық қарым-қатынас мән мәтініндегі базалық шетел тілі, Түрік тілі (B1), Түрік тілі (B2) Түрік тілі (C1), Ағылшын тілі (B2), (Қытай тілі A1,A2,B1)	
3	Пәндік білім	ЖК	TK
		Ағылшын тілінің практикалық фонетикасы Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы Жазбаша және ауызша аударма практикасы Ағылшын тілінің лексикологиясы Ағылшын тілін оқыту әдістемесі Ағылшын және американ әдебиеті	Академиялық дағдыларды жетілдіру негіздері Кәсіби бағытталған шетел тілі Эссе жазу дағдылары мен әдістері Жалпы түрік тілі тіл білімі (Жалпы қытай тілі тіл білімі)
4	Оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау, үйымдастыру және бағалау	Оқушылардың физиологиялық дамуы Педагогика Инклюзивті білім беру Тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістемесі Ағылшын тілін оқыту әдістемесі Ағылшын тілін оқытуудың әдістемесі Ағылшын тілін оқытуда тестілеу жіне бағалау Ағылшын тілінің грамматикасын оқыту Ағылшын тілін оқытуудың психологиясы Ағылшын тілін оқытуда оқу бағдарламаларын және әдістемелік құралдар әзірлеу Түрік тілін оқыту әдістемесі (Қытай тілін оқыту әдістемесі)	
5	Ғылыми-педагогикалық зерттеу	Зерттеу дағдылары	
6	Инновация және цифирландыру	АКТ	
7	Креативті көшбасшылық	Креативті көшбасшылық, Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу, Экономика, кәсіпкерлік жәнебизнес негіздері, Экология және өмір қауіпсіздігі, Сыни және жүйелік ойлау	

2023-2024 оқу жылына 6B01716 – Қазақ тілі мен әдебиеті БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі	
		ЖК	ТК
1	Әлеуметтік және азаматтық сауаттылық	Қазақстан тарихы, Философия, Әлеуметтік-саясаттану білім модулі, Сыбайлас жемқорлықта қарсы мәдениет негіздері, Дене шынықтыру, Ясауитану	
2	Мәдениетаралық қарым-қатынас	Қазақ тілі, Орыс тілі, Түрік тілі, Ағылшын тілі, Ататүрік принциптері, Түркі мемлекеттер тарихы, Лингвоелтаным және мәдениетарлық коммуникацияның теориясы мен практикасы	
3	Пәндік білім	Қазақ тілінің семантикасы Қазақ әдеби тілінің тарихы Қазақ тілінің тарихи грамматикасы Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы құрылымы Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы XX ғасырдағы әдебиет I (1900-1940 жж.) Абайтану/Әуезовтану XX ғасырдағы әдебиет II (1950-1990 жж.) Қазақ әдеби сынының тарихы Қазақ әдебиеті теориясы Түркі халықтары әдебиеті	Қазақ тіл біліміне кіріспе Жалпы тіл білімі Көне қазақ тілі Орфографиялық практикум Ежелгі және хандық дәүір әдебиеті Қазақ халық ауыз әдебиеті Тәуелсіздік дәүір әдебиеті Қазақ әдебиеттану ғылымына кіріспе
4	Оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау	Оқушылардың физиологиялық дамуы, Инклузивті білім беру, Тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістемесі, Бағалаудың өлшемдік технологиялары	
5	Ғылыми-педагогикалық зерттеу	Педагогика, Қазақ тілін оқыту әдістемесі, Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, Білім берудегі менеджмент	
6	Иновация және цифрландыру	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	
7	Креативті көшбасшылық	Сыни және жүйелі ойлау, Мемлекеттік тілде іс қағаздар жүргізу, Креативті көшбасшы, Экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері	

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАНТАР АЙЫНДА АТҚАРЫЛГАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді.

Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді.

Қазақ филологиясы кафедрасының менгерушісі Г.Қ. Жылқыбай:

6B01716 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы экспертер тізімі белгіленді:

1. Р. Урумова - Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназиясы коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры.

2. М. Рысбекова - Қ.Сәтбаев атындағы №12 жалпы орта мектебінің директоры.

3. А. Момбеков - Р.Исетов атындағы №20 жалпы орта мектебінің директоры.

Орыс тілі және әдебиеті кафедрасының менгерушісі С. Бейсембаева:

6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы экспертер тізімі белгіленіп сараптаудан өткізіліп сараптау тұжырымдары алынды:

1. А.Кенжалиев - Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры.

2. М.Таукебаева - Н. Некрасов атындағы №9 мектеп-гимназиясының директоры.

3. Р.Стамкулов - М.Пошанов атындағы № 21 жалпы орта мектебінің директоры.

4. А.Калжанова - Ф.ғ.к.Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті.

5. А.Буханова - PhD, Халықаралық туризм және меймандастық университетінің кауымдастырылған профессоры.

Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының менгерушісі М.Е.Сейтова:

6B01718 - Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы экспертер тізімі белгіленді:

1. Сайдуллаева А.Ж. -«Нұр-болашақ» бастауыш мектебі директоры.

2. Рысбекова М.А. - Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектеп директоры.

3. Кенджаева Б.Б. - Халықаралық туризм және меймандастық университетінің п.ғ.к., доценті.

4. Дүйсенова М. М. - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті.

2. 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша жаңаңтылған ББ паспорттары әзірленді.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АҚПАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудиті өткізіліп стейкхолдерлердің ұсыныстары жинақталып зерттелді.

Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша академиялық комитеттіне қарасты үш білім бағдарламасы бар: 7M01738 – Орыс тілі мен әдебиеті, 7M01737 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01708 – Шетел тілі: екі шетел тілі. Осы үш білім беру бағдарламасына аудит жасалып, жұмыс берушілердің пікірлері мен ұсыныстары жинақталып, зерттелді. Сыртқы экспертердердің сараптамалық тұжырдамалары алынды.

Сыртқы экспертері сараптамалық тұжырдамалырында бір ауыздан «білім беру бағдарламалары заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге қабілетті, әлеуметтік ортада зерттеу және басқару қызметін тиімді жүзеге асыратын, жоғары оқу орындары мен орта арнаулы білім беру мекемелерінде әрнайы пәндерді оқыту үшін қажетті білімі мен іскерлігі бар, кәсіптік білім беру жүйесінің келесі сатысы-докторантурасы окуйн жалғастыруға дайын кәсіби мәдениет деңгейі жоғары педагогтарды дайындауға бағытталғаның атап өтті. БББ-лары педагогикалық кадрларды даярлау сапасын бағалаудың мақсатын, мазмұнын, жоспарланған нәтижелерін, жүзеге асыру жолдарын, саясатын айқын көрсетеді. БББ-лар магистранттың құзыреттілік моделі тіл мен әдебиеті, педагогика және оқыту әдістемесі саласында іргелі теориялық және практикалық білімі бар бітірушінің жалпықәсіби және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруды қамтиды» деген.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша жаңаңтылған ББ паспорттары ББ тізілімдемесіне ұсынылды.

	ББ атаяуы	Өтініш берілген күні	Расталу күні	%
1.	6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті	02.05.2023	30.05.2023	84,17

2.	6B01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	02.05.2023	07.06.2023	90,83
3.	6B01719 – Шетел тілі: екішетел тілі (ағылшын және түрік тілдері)	21.07.2023	17.08.2023	87,39
4.	6B01718 – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай тілдері)	06.06.2023	02.08.2023	81,98
5.	6B01716 – Қазак тілі мен әдебиеті	01.06.2023	27.06.2023	91,41

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СӘУІР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талданы.

БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында 2023 жылы 11-15 сәуір аралығында өткен академиялық тексеру комиссиясының ұсынымдары ескерілді.

Бұл мәселе бойынша келесі ұсынымдар берілген:

1. Университеттің студенттерге ұсынып отырған кітапханалар, зертханалар, компьютерлер сияқты ресурстар сан жағынан жеткілікті болып көрінгенімен, сапасы жағынан заман талабына сай емес, заманауи технологияны толық көрсете алмайтын сияқты.

2. Онлайн-ақпараттық ресурстар мен студенттерге қолжетімді мүмкіндіктердің жеткіліксіздігі де бар. Сол сияқты қашықтықтан білім беру қызметтері мен осы қызметтерге қолжетімділікте де кемшіліктер бар.

3. Мүмкіндігі шектеулі жандардың білім алу мүмкіндіктерін қарастыру қажет; Мүмкіндігі шектеулі студенттердің оқу ғимараттары мен аудиторияларға кіру, сабактарға қатысу, материалдарды пайдалану, практикаға қатысуға қатысты физикалық өзгерістер мен қызметтерді жүзеге асыру қажет.

4. Бакалавр деңгейінде жетекшілік қызметтердің жеткілікті деңгейде көрсетілмеуі.

5. Бағдарламаны бақылау үдерістері мен ішкі сапа қауіпсіздігі механизмі арасында жеткілікті деңгейде байланыстың болмауы. Жұмыс басталған, бірақ әлі нәтижесі жоқ.

6. Бүкіл университеттегі зертханалық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі. Соңғы жылы жаңадан ашылып, жаңартылған (биохимия, жалпы биология, анатомия сияқты) зертханалар болғанымен, әсіресе инженерлік және негізгі ғылымдар зертханаларының жедел турде жаңартылуы қажет.

2. БББ шеңберінде әр пән мен оқытушысының менгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау жұмыстары жүргізілді.

БББ-лар шеңберінде әр пән оқытушысының менгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мақсатында, талдау жүргізілді. Жаңадан енгізілген арнайы пәндер бойынша біліктілік арттыру жоспарын жасауға тапсырма берілді.

3. Қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс ұсынысы әзірленіп Адам ресурстарын басқару бөліміне жіберілді.

№	Кафедра аты	Оқытушы	Аға оқытушы	PhD/ Ғылым кандидаты	Ғылым докторы
1	Педагогикалық шетел тілдері	-	-	3,0	-
3	Орыс тілі және әдебиеті	5,5	4	6,0	2,0
5	Қазақ филологиясы	-	-	3,0	1,0
	Барлығы:	5,5	4,0	15,0	3,0

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МАМЫР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша ББ өзіндік бағалау жүргізілді.

Барлық кафедралар өздеріне тиісті ББ-ларына талдау жасап өзіндік бағалау есебін дайындады. Талдау нәтижелері біріктіріліп, жалпы бір презентацияға салынды. Презентация университет сайтына жіберілді.

Қазақ филологиясы қафедрасы:

Соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері (Атамекен) бойынша:

- 5B01716-Қазақ тілі мен әдебиеті ББ-сы 2020жылы – 23/43, 2021 жылы – 13/18, 2022 жылы – 3/38 орынға ие болды. 2022 жылы жоғары орын алғанына қарамастан эксперттен кейбір пәндердің мазмұны бойынша бірқатар сындар айтылып ұсыныстар берілген. Ұсыныстар назарға алынып, силлабустардың мазмұндары қайта әзірленді.

Білім беру бағдарламасын еңбек нарығының сұранысына сай жетілдіру керек деген. 2022-2023 оқу жылында білім беру бағыты бойынша академиялық комитеттер қайта құрылып, білім беру бағдарламалары сол комитетке ұсынылды. Комитет тарапынан білім беру бағдарламалары талқыланып барлық оқыту нәтижелері жаңартылды.

Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар атқарылған жоқ.

Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері бойынша айтатын болсақ, жұмыс берушілермен бірлікте ББ дайындалады. 5B01716-Қазақ тілі мен әдебиеті ББ-сына жұмыс берушілер ұсынысы негізінде «Жаңартылған білім беру мазмұнындағы мектеп құжаттамасын жүргізу», «Жаңартылған білім беру мазмұнындағы қазақ әдебиетін орта мектепте оқыту технологиялары» пәндері енгізілді.

Саулнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері. Жыл сайын білімгерлерден, жұмыс берушілерден саулнамалар алынып, нәтижелері талданады. 2022-2023 оқу жылында да «Оқытушы студент көзімен» саулнамасы алынып, талқыланды. Нәтижесінде ашық сабактар беру, саулнама саулдарына орай біліктілік жетілдіру курстарына ұсыныс жасалды. ББ бойынша саулнама сұрақтары әзірленіп, жұмыс берушілерге берілді. Сарапшылар пікірлерімен бірге ұсынылды.

Педагогикалық шетел тілдері қафедрасы:

- соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері

2019ж.	2020ж.	2021ж.
53/52	52/17	42/27

- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері

✓ Кафедра қауымдастырылған профессоры Ризаходжаева Г.А. АҚШ-ның Мичиган университетінде Болашақ бағдарламасымен 10 айлық тағылымдамадан өтіп келді.

✓ 17.05.2023 күні АҚШ-ның Мичиган университетінің профессоры Дуглас Хатман кафедра оқытушылары мің профессоры Дуглас Хатман кафедра оқытушылары мен білімгерлеріне университетімізде « The fourth revolution:New ICT tools and culture are reshaping university teaching and research» тақырыбында семинар өтті.

✓ Кафедра аға оқытушысы, PhD Халматова З.У. 08.05.-12.05.2023 аралығында Эрасмус бағдарламасымен Түркияның Гази университетінде дәріс беріп қайтты.

Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері

Жұмыс беруші	Байланыс нәтижелері	Растайтын құжат
Түркістан қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Дуалды оқыту үдерісін үйимдастыру туралы келісім-шарт	№22/2519 26.08.2022ж.

Саулнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері

Сауалнамалар түрі	Нәтижесі
Жұмыс берушілердің ББ-на	5/5
Оқытушы студенттер көзімен	5/4.76
Тұлектер үшін бағалау сауалнамасы	5/4.50

Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері

6B01718 – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай тілдері)

	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
грант	4	8	12	34
ТД грант	3	2	1	2
квота	-	-	4	3
ақылы	50	24	8	2
Түркия гранты	1	-	2	6
Барлығы	58	32	23	47
Жалпы барлығы				160

6B01719 – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік тілдері)

	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
грант	20	28	37	80
ТД грант	5	3	7	9
квота	3	19	21	10
ақылы	117	81	18	17
Түркия гранты	10	6	7	26
Барлығы	155	137	90	142
Жалпы барлығы				524

Тулектердің жұмысқа орналасу нәтижелері

ББ атауы	2020		2021		2022	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%
6B01719 – Шетел тілі: екішетел тілі (ағылшын және түрік тілдері)	40	92.3	47	100	93	75
6B01718 – Шетел тілі: екішетел тілі (ағылшын және қытай тілдері)	23	73.3	34	100	65	75

Орыс тілі және әдебиеті кафедрасы:

Соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері (Атамекен) бойынша айтатын болсақ, 6B01717 - Орыс тілі мен әдебиеті БББ-сы 2020жылы – 5/12, 2021 жылы – түлектер саны аз болды, 2022 жылы – 6/18 орынға ие болды.

Атамекен ҮҚП экспертерінің ұсыныстары: 1) Жалпы ББ пәндерінің тізбесі осы бейіннің білім беру міндеттеріне сәйкес келеді. Пәндер теориялық материалды ұсыну логикасына және оны практикалық пысықтауға, сондай-ақ ұсынылған ақпараттың құрделілік дәрежесіне сәйкес дұрыс реттілікпен орналастырылған. Сонымен қатар, кейбір позициялар бойынша пәндер тізімін қайта қарау ұсынылады. Сонымен, "Ататуркі принциптері" пәнінде пәннің мамандарды даярлау бейінімен тікелей байланысы жоқ. Оны бірінші жағдайда өнірлік компонентті қалыптастыруға бағытталған "Қазақстанның орыс тілді жазушылары" немесе "БАҚ, Интернет және әлеуметтік желілердің тілі мен жанрлары" пәніне, ал екінші жағдайда білім алушылардың назарын қазіргі заманғы орыс тілін дамытудың негізгі көздерін зерделеуге аударатын пәнге ауыстыру ұсынылады.

Талдау нәтижесі: "Ататуркі принциптері" пәні университеттің ерекшелігіне байланысты енгізілген. ЖК –ға компоненттіне кіреді.

2. "Орыс тілін оқыту әдістемесі" және "орыс әдебиетін оқыту әдістемесі" пәндерінің мазмұнында орыс емес мектепте орыс әдебиетін оқытуудың ерекшелігі туралы тақырып жоқ (мамандық атауына сәйкес). Республикадағы әлеуметтік-тілдік жағдайға байланысты (ҚР-да

орыс тілінде оқытпайтын мектептер мен сыныптар көп) бұл тақырыпты әдістемелік пәндердің мазмұнына қосу немесе "орыс тілінде оқытпайтын мектептерде тілді (әдебиетті) оқыту әдістемесі" Жеке пәніне бөлу ұсынылады, бұл түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігін едәуір кеңейтеді және жас мамандардың кәсіби бағажын байытады. Пәндер атауының мазмұнына сәйкес келтіру ұсынылады ("Орыс тілі "және" шетел әдебиеті").

Талдау нәтижесі: "Орыс тілінде оқытпайтын мектептерде тілді (әдебиетті) оқыту әдістемесі" пәндері 6B01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті БББ-сында қарастырылған. Сол себептен 6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті БББ-на енгізу қажеттілігі жоқ.

«Орыс тілі» және «Шетел әдебиеті» пәндерінің атаулары өзгертілді.

Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері.

- ✓ Ф.ғ.к. С.Бейсембаева мен ф.ғ.к. А.Байтуова 2022 жылдың 17-30 қазан күндері академиялық ұтқырылыш шеңберінде Ататурк университетіне дәріс беріп қайтты. Меморандум түзілді.
- ✓ Эрджеис университетімен бірлескен БББ дайындалу үстінде.

Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері.

№21 жалпы орта мектебімен дуалды оқыту үдерісін ұйымдастыру туралы келісім-шарт (6B01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті) жасалынып оқу үдерісі нәтижелі жүргізіліп жатыр. Дәл соңдай келісім-шарт М.Жумабаев атындағы №15 мектеп-гимназиясымен де жасалынды 6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті білім бағдараламасы үшін, бірақ бұл оку жылында ол мектепте тәжірибелі маман болмағандықтан дәріс үйымдастырылған жоқ.

Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа қызығушы тараптардың) нәтижелері.

Жұмыс берушілердің ББ-на - 5/4,9. Оқытушы студенттер көзімен – 5/4,6. Түлектер үшін бағалау сауалнамасы – 5/4,5.

Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері.

6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті (112 білімгер)

Контингент	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
Грант	10	8	20	12
ТТЕ грант	3	1	5	4
Түркия гранты		2	2	
Ақылды	16	20	7	2
Жалпы	29	31	34	18

6B01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (84 білімгер)

Контингент	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
Грант	14	14		14
ТТЕ грант				
Түркия гранты		4	8	2

Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері

ББ атауы	2020	2021	2022
6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті	100%	100%	87%

6B01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	Тұлек жоқ	Тұлек жоқ	Тұлек жоқ
---	------------------	------------------	------------------

SWOT – талдау

(бұл универ бойынша жасалған SWOT – талдау. Сізге қажеттілерін қалдырып, тағы басқа нәрселерді қосуыныңға болады)

S (strengths) – Құшті жақтары(ықтимал позитивті ішкі факторлар)			
1.	Университетте халықаралық және ерекше мәртебенің болуы және КР мен ТР-ның қаржылық және зияткерлік ресурстарын пайдалану мүмкіндігі.		
2.	Түркияның жетекші университеттерінен ОПК мен басқарушыларды тарту мүмкіндігі.		
3.	Өз құрылымында медицина мамандарын даярлайтын Қазақстандағы халықаралық деңгейдегі бірінші көpsалалы университет болуы.		
4.	Қазақстан мен Турция ұсынатын білім алушылар үшін мемлекеттік білім беру гранттарының болуы.		
5.	Заманауи кампус пен инфрақұрылымның болуы.		
6.	Университетте әлемнің 19 елінен келген 42 түркі халықтарының білім алуы түркі тілдерінің бірегей тірі зертханасын құруы.		
7.	Ұлттық және халықаралық рейтингтерде университет елдің және аймақтың үздік оқу орындарының қатарына кіруі.		
8.	Заманауи талаптарға жауап беретін жаңа кітапхананы пайдалануға беруі, Халықаралық ғылыми базалардың толық мәтіндерге қол жетімділігі.		
9.	Студенттерді ағылшын және түркі тілдеріне оқытуға бағытталған бағдарламалардың болуы, «тілді жетілдіру курсының (Foundation)» болуы, ТТЕ гранты бойынша білім алушылар үшін тегін курстар үйімдастыруы.		
10.	Тілдерді оқыту мүмкіндігі (турік, қазақ, ағылшын және орыс тілдері).		
11.	Түркия Республикасының озық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісім-шарттардың болуы.		
12.	Профессор-оқытушылар құрамының, кафедралар мен факультеттердің жұмыс нәтижелері бойынша енбекті бағалау және ынталандыру жүйесінің болуы.		
13.	Дарынды және талантты жастарды ғылыми ізденіске бейімдеу жүйесін жаңарту және дамыту («Ясауи пәндер олимпиадасы», «Дарын» РЕПО-мен тікелей байланыс).		
14.	Дуальді оқыту жүйесінің болуы.		
15.	Барлық стейкхолдерлердің білім беру бағдарламасын әзірлеуге және бағалауға қатысуының жоғары деңгейі.		
16.	Білім беру бағдарламасының ЭПК білім алушылардың оқу пәндерін таңдау және жеке білім беру траекториясын қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.		
17.	Практикаға бағытталған оқыту.		
18.	Жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмыстары үйімдастырылуы, білім алушылар контингентінің серпінді өсуі.		
19.	Diploma Supplement болуы.		
20.	Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде белсенді беттердің болуы.		
W(weaknesses) – Әлсіз жақтары (ықтимал негативті ішкі факторлар)			
1.	Оқу-зертханалық базаның әлсіздігі, оқу аландары мен жатақханалардың жетіспеушілігі.		
2.	Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен, оның ішінде түркі университеттерімен қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы.		

3.	Біліктілігі мен әлемдік деңгейдегі тәжірибесі бар, елеулі халықаралық іс-шараларды жоспарлауға және іске асыруға қабілетті мамандардың тапшылығы.
4.	ПОҚ-ның зерттеу гранттарын алуға арналған халықаралық конкурстарға төмен қатысуы.

**O (opportunities) – Мүмкіндіктер
(ықтималды позитивті сыртқы факторлар)**

1.	Түркістан облысының құрылуды және түркі әлемінің рухани орталығы ретінде Түркістан қаласының жандануы Ахмет Ясауи университетініңdamуы үшін жаңа сын-қатерлер мен мүмкіндіктерге бастама болады.
2.	Университетті еki мемлекет тарапынан қолдау. Түрік университеттерімен кадрларды даярлау, бірлескен зерттеулер жүргізу, студенттердің ұтқырлығы және т.б. ынтымақтастық мүмкіндіктері.
3.	Франчайзинг моделі бойынша жұмыс істеуге дайын Түркия университеттерімен стратегиялық серіктестікті кеңейту – (Gazi University, Middle East Technical University, Hacettepe University, Marmara University, Yildiz Technical University).
4.	Жұмыс берушілер тарапынан студенттерді практикаға бағытталған оқытууды құру бойынша бірлескен ынтымақтастық ниетінің болуы.
5.	Қашықтықтан оқыту технологиясының көмегімен ҚАЗТЕП және ТУРТЕП негізінде жаһандық білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндігі, бұл әлемнің кез келген нұктесінен қазак, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.
6.	Білім беру, жастардың ұтқырлығы туралы құжаттарды өзара мойындау мәселесін шешетін білім беру бағдарламаларын үйлестіру мақсатында түркі әлемі университеттері үшін цифрлық платформаны құру түркі әлемі университеттерінің халықаралық рейтингтерде бірлескен ілгерілеуіне ықпал етеді.
7.	Ағылшын және түрік тілдерінде жүргізілетін пәндер тізбесін кеңейту арқылы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдік жоғары оқу орындарынан келетін студенттер санын арттыру мүмкіндігі.
8.	Қашықтықтан оқыту сапасын жақсарту және оны университеттің білім беру қызметіне кеңінен енгізу арқылы әртараптандырылған қолжетімді сапалы білім беру мүмкіндігі (оқу бағдарламалары, бленд-оқыту).
9.	Түркияда PhD докторантурасы бағдарламалары бойынша мақсатты оқыту арқылы ғылыми дәрежеленген оқытушылардың үлесін арттыру мүмкіндігі.
10.	Университет ғалымдары мен оқытушыларының ғылыми-гранттық байқауларға (Ғылым комитеті, КР Тұңғыш Президенті Қоры, ТУБИТАК, ТИКА, Presidency for Turk sAbroad and Related Communities (YTB) және т. б.) белсенді қатысу мүмкіндігі.
11.	Ауқымды ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру мүмкіндігі (сапалы материалдық-техникалық база, қонақ үй, мәдениет сарайы, кітапхана, клиника және т. б.)
12.	Шетелдік зерттеу институттарымен ынтымақтастық, жетекші халықаралық университеттермен өзара байланыс орнату және бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігі.
13.	Жастар саясатын жандандыру, волонтерлік қызмет көрсету және әлеуметтік жобаларды іске асыру мүмкіндігі.
14.	Түркістан қаласының инфрақұрылымының жақсаруы (заманауи әуежай, жаңа туристік объектілер және т. б.).

T (threats) – қауіптер (ықтималды негативті сыртқы факторлар)

1.	Ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары білім беру саласындағы жоғары бәсекелестік.
2.	Жас білікті кадрлардың тапшылығы.

АК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСАРТУ ҰСЫНЫСТАРЫ:

1. ББ ның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту.
2. Барлық стейкхолдерлерді ұйымдастырып кездесулер өткізу.
3. Педагогикалық зерттеу институтын құру.

Академиялық комитеттің № 9 мәжілісінде 14 06 2023ж талқыланып, бекітүге ұсынылды.

АК тәрағасы Атасеев С.Бейсембаева